

ШКІР
«7M05101 - «БИОТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«7M05101 - «Биотехнология» магистратура білім беру бағдарламасы тәжірибеге бағдарланған сипатқа ие бола отырып, жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастықта іске асырылады. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламасының міндетті бөлігінің пәндерін қалыптастыру процесіне, практика тапсырмалары мен докторлық диссертациялардың тақырыптарын айқындауға белсене қатысады.

Биотехнологияны дамытудың медицина, фармакология үшін маңызы орасан зор – тірі жүйелердің көмегімен фармацевтикалық субстанциялар мен дәрілік заттарды алу тәсілдері, олардың сапасын бақылау әдістері, вакциналарды әзірлеу; агроөнеркәсіптік кешен-ауыл шаруашылығы малдарының жаңа тұқымдарын, егін шаруашылығы дақылдарының жаңа сұрыптарын өсіру және т. б. үшін бүгінгі таңда биотехнолог – мамандар ең сұранысқа ие болып табылатын ТОП-10 мамандыққа кіреді. Қазақстан Республикасында да, алыс-жақын шетелдерде де келешегі зор.

«7M05101 - Биотехнология» білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты студенттік орталықтандырылған оқытуға аса назар аудара отырып, оқытудың икемді траекторияларын ұсынуға бағытталған докторанттың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, докторантты ғылыми жұмыспен айналысуға және оқу процесінде белсенді рөлге ынталандыру.

«7M05101 - Биотехнология» білім беру бағдарламасы жоғары білім беру МЖМБС талаптарына сәйкес модульдік-кредиттік технология бойынша іске асырылады. Оқу жоспарына жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша – бионанотехнология, технологиялық процестерді инжинирлендіру және оңтайландыру, тамақ өнімдерін зерттеудің заманауи әдістері пәндері енгізілген.

Магистратураның практикасы биотехнологиялық бейіндегі кәсіпорындармен келісім - шарттар негізінде жүргізіледі. Білім беру бағдарламасының элективті курстары ғылымның заманауи жетістіктерін көрсетеді.

Кәсіби биотехнологтың ғылыми және ғылыми-педагогикалық жұмысын жоспарлау және орындау; прогрессивті технологияларды, генетикалық инженерияның, ақуыздық инженерияның, инженерлік энзимологияның, хромосомалық инженерияның, жасушалық инженерияның заманауи әдістерін, сондай-ақ биологиялық шикізатты қайта өңдеудің, тамақ өнімдерін өндіру мен өңдеудің негізгі технологиялық процестерін және т. б. меңгеру білім беру бағдарламасының ең басты негізгі құзыреттері болып табылады.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардан «7M05101 - Биотехнология» модульдік білім беру бағдарламасы өнеркәсіп, зертханалар, ғылыми-зерттеу және білім беру мекемелері үшін мамандар даярлау талаптарына сәйкес келеді деп санаймын.

**"Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" ЖШС
бау-бақша дақылдарының генқорын сақтау
зертханасының жетекші ғылыми қызметкері**

**Джуманованың қолын растаймын,
қызметкерлермен жұмыс жөніндегі менеджері**



Джуманова Ж.К.

Байсейтов Б.Б.